

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Ректор

А.Дошанова

**«Біздің айналамыздағы әлем» тақырыбындағы орта мектеп
түлектері арасында өткізілетін аймақтық эссе конкурсының
Бағдарламасы**

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасы «Біздің айналамыздағы әлем» тақырыбында орта мектеп түлектері арасында аймақтық онлайн эссе конкурсын өткізетіндігін жариялайды.

Конкурсқа қатысуға Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және ҚР басқа да облыстарының 11 сынып оқушылары шақырылады.

1 Жалпы ережесі

1.1 «Біздің айналамыздағы әлем» эссе конкурсының Бағдарламасы конкурстың мақсаты, міндеттерін және өткізілу тәртібін анықтайды.

1.2 Эссе конкурсының мақсаты – жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін және шығармашылық бағыттағы мамандықты меңгеру алғышарттарын анықтау.

1.3 Міндеттері:

- жоғары сынып оқушыларының шығармашылық және сараптамалық әлеуетін анықтау;
- дарынды жастарды қолдау.

2 Конкурс тілі

- ✓ Қазақ тілі
- ✓ Орыс тілі
- ✓ Ағылшын тілі

3 Конкурсты өткізу тәртібі.

3.1 Өткізілу уақыты 2020 жылдың 10 ақпаны мен 12 наурызы.

I кезең: 2020 жылдың 10-29 ақпан аралығында қатысушылар А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің

журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасына конкурстық эсселерін мына мекен-жай бойынша жібереді: kaz_jurn_kom_men@ksu.edu.kz

II кезең: I кезеңнен өткен қатысушылар А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне әңгімелесуге шақырылады, ол 2020 жылдың 12 наурызында өтеді.

III кезең: әділ-қазылар алқасының жұмысы, конкурстың нәтижесін шығару, жеңімпаздарды жариялау.

4 Конкурстың нәтижесін шығару

4.1 Конкурстың нәтижесі 100 баллдық жүйемен есептеледі.

4.2 Әрбір жұмысқа қойылған жеке балл нақты болып есептеледі. Эссе редакцияланбайды және авторға қайтарылмайды.

4.3 Конкурс жеңімпаздары (алғашқы бес орын) мақтау қағазымен марапатталады және А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ «Журналистика» мамандығында оқуға түсуге мүмкіндік алады (олар үшін арнайы тегін кеңестер кешені өткізіледі), *гран-при иегері «Журналистика» мамандығында оқуға ректордың грантын иеленеді.*

Конкурстың нәтижесі және жеңімпаздар есімі көрсетілген ақпарат А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ сайтында 2020 жылдың 18 наурызына дейін жарияланады.

5 Эссені бағалау критерийлері:

- эссенің мазмұны конкурс тақырыбына толықтай сәйкес келуі (10 балл);
- тақырыпты ашу деңгейі, әлеуметтік маңыздылығы (10 балл);
- эрудиция, фактілік материалдың маңыздылығы (10 балл);
- нақты факті қорыту қабілеті (10 балл);
- баяндау реті мен түпнұсқалығы (10 балл);
- қорытынды жасау және дәлелдеу қабілеті (10 балл);
- шығармашылық және жеке ойлау қабілеті (10 балл);
- сөздік қорының кеңдігі (10 балл);
- жоғары сауаттылық және жазба тіл нормаларын сақтау қабілеті (20 балл);

6 Эссені рәсімдеу талаптары:

- конкурсқа жіберілетін эссе электронды нұсқада А4 форматындағы 2,5 – 3 беттен тұрады, Microsoft Office Word бағдарламасында орындалған болуы керек.

- Times New Roman қаріпінде, 14 өлшем, біржарым интервалда, әрбір жағынан 2 см.

- әрбір жұмыс жеке файлда, «Эссе конкурсына» деп сақталуы тиіс.

- эссе мәтініне қосымша ақпарат: қатысушының аты-жөні, мектеп нөмірі, оның географиялық жағдайы (облыс, қала, аудан, ел), қатысушының e-mail, ұялы телефон нөмірі.

Конкурсты ұйымдастырушы тарап конкурс бағдарламасына сәйкес келмейтін эссені қабылдамауға құқығы бар.

Әділ-қазылар алқасы:

Төрағасы – Табулденов А.Н. - А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ Экономика және құқық институтының директоры.

Мүшелері: Жусупова А.М. – журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының меңгерушісі.

Кунгурова О.Г. – кафедра профессоры.

Маркабаева Г.Т. – докторант.

Химич С.М. – аға оқытушы.

Какимбек Г.У. – аға оқытушы.

Машкова С.Н. – доцент.

Шурентаев А.М. – аға оқытушы.

7 Байланыс ақпараты:

Анықтама телефоны: 8 (7142) 51-11-93

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасы, Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 47.